



БҰЙРЫҚ

2020 жылғы 14 қаңтар
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 14
город Караганда

«Иртыш свет» ЖШС банкроттық басқарушысын тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабының 2-тармағына сәйкес, «Иртыш свет» ЖШС банкрот деп тану туралы Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2017 жылғы 09 тамыздағы шешімі және 2020 жылғы 08 қаңтардағы кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Иртыш свет» ЖШС, БСН 100340014893, банкроттық басқарушысы болып Борис Реональдович Пчелков тағайындалсын.

2. Борис Реональдович Пчелковқа «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банкроттық басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы Борис Реональдович Пчелков «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасы басшысына А.М. Адамбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

К. Орқашбаев